

Өзара ынтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ

«24» маусым 2022 г.

Нұр-Сұлтан қаласы

«Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі» мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі – Нұрбек Саясат бір жағынан және «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі атынан Төраға – Семғалиев Мэлс Зайноллаұлы екінші жағынан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар:

- мемлекеттің сыбайлас жемқорлық көріністерінің барлық нысандарымен ымырасыз күрес жөніндегі саясатын жан-жақты қолдай отырып;

- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі қауіп төндіретін сыбайлас жемқорлық сын-қатерлеріне алаңдай отырып;

- жаһандық сыбайлас жемқорлық қатерлерін еңсеру үшін республика азаматтарының белсенді қатысуы қажет екенін ескере отырып;

- Қазақстан Республикасында адами капиталды тиімді дамытудың маңыздылығын мойындай отырып;

- сыбайлас жемқорлықтың жағдайлары мен себептерін жоятын демократиялық институттарды нығайту мен дамытуға бағытталған құқықтық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық шаралардың біртұтас жүйесін қалыптастыруға белсенді түрде жәрдемдесуге дайын бола отырып, төмендегіше осы Меморандумды жасасты:

1 бап

Осы Меморандумның мақсаттары:

а) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде күш-жігерді біріктіру;

б) азаматтардың сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған іс-шараларға белсенді қатысуы;

в) қазақстандық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты күшейту.

2 бап

Тараптар, мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып:

- бірыңғай мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізуге қатысады;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзара қызығушылық тудыратын ақпаратпен жедел алмасуға жәрдемдеседі;
- қоғамда әлеуметтік әділдікті бекітуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кедергілерді немесе азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтарын шектеуді алып тастауға ықпал етеді;
- мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мәнін ашатын мақсатты ақпараттық-үгіт жұмыстарын жүргізеді;
- сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне және басқа да қоғамға қарсы құбылыстарға төзбеушілік атмосферасын құруға ықпал ететін іс-шаралар өткізеді;
- белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға қатысады;
- жұмыстың басқа да біріктірілген нысандары мен әдістерін өзірлейді.

3 бап

Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар:

- еліміздің жас ұрпағын Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын құрметтеу рухында тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар өткізу;
- Тараптарға жүктелген міндеттерді орындау мақсатында бірлескен бағдарламалар әзірлеу, жұмыс топтарын құру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша түрлі іс-шараларға, конференцияларға және зерттеулерге қатысу;
- сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік құбылыс ретінде жоюға бағытталған бастамаларды қалыптастыруға және ілгерілетуге белсенді жәрдемдесу;
- заманауи технологиялар мен инновацияларды қолдана отырып, жобаларды іске асыру;
- осы Меморандумның мақсаттары мен міндеттерінен туындайтын ақпаратпен алмасады.

4 бап


1. Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.
2. Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тараптардың жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі.
3. Осы Меморандум тараптарға қаржылық міндеттемелерді жүктемейді.
4. Бірінші тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы Меморандумнан шыға алады және мұндай хабарлама екінші Тарапқа жіберілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң кері қайтарып алынған болып есептелінеді.
5. Осы Меморандум мемлекеттік және орыс тілдерінде әр тарапқа бір көшірмеден екі данадан жасалды.

«Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрлігі» мемлекеттік
мекемесі

«ЖАҢАРУ» сыбайлас
жемқорлыққа қарсы
жалпыұлттық қозғалысы»
республикалық қоғамдық
бірлестігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі

«ЖАҢАРУ» сыбайлас
жемқорлыққа қарсы
жалпыұлттық қозғалысы»
Төрағасы



С.Нұрбек

М. Семғалиев

